

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 364-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309 - қ ұ ж а т) :

1) кіріспедегі "табиғи монополиялардың іс-әрекетін" деген сөздер "табиғи монополия аясындағы іс-әрекетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Заңның бүкіл мәтіні бойынша "баға мен тарифтерді", "бағаларды, тарифтерді", "бағалар мен тарифтер", "бағалар (тарифтер)", "бағаларды (тарифтерді)", "бағалар мен тарифтерге", "бағалар мен тарифтердің", "бағалары мен тарифтерінің", "бағалары мен тарифтерін", "бағалар мен тарифтерді" деген сөздер тиісінше "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)", "тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына)", "тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының)", "тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын)", "тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңның мақсаты

О с ы З а ң н ы ң м а қ с а т ы :

1) табиғи монополия аясындағы қызметті мемлекеттік бақылау мен реттеудің құқықтық негіздерін белгілеу;

2) тұтынушылар мен табиғи монополия субъектілері мүдделерінің теңдестірілуіне қол жеткізу болып табылады.";

4) 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңның қолданылуы";

3-тармақтағы "жүзеге асыратын заңды тұлғаларға" деген сөздер "жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы Заңмен табиғи монополия аясына жатқызылған іс-әрекетті жүзеге асыратын рынок субъектілері үшін мемлекеттік реттеу мен бақылау осындай іс-әрекетке қатысты ғана қолданылады.";

5) 3 - б а п :

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) уақытша өтемдік тариф - табиғи монополиялар субъектісінің тұтынушыларға келтірген шығындарға өтем жасауы мақсатында уәкілетті орган белгілеген тариф (баға, алым ставкасы) ;

1-2) уақытша төмендету коэффициенті - тұтынушылар мен табиғи монополия субъектісі мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган белгілеген және тарифке (бағаға, алым ставкасына) қолданылатын шама;" ;

2) тармақшадағы "дауыс беретін акциялардың (үлестердің)" деген сөздер "табиғи монополия субъектісінің дауыс беретін акцияларының (үлестерінің)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жария тыңдау - табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне тарифтердің (бағаның, алым ставкаларының) жобасын депутаттарды, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және табиғи монополиялар субъектілерін шақыра отырып талқылау рәсімі;" ;

5-тармақшадағы "заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер" деген сөздер "жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) табиғи монополия аясы - жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға табиғи монополия субъектісі болып танылуы мүмкін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) рыногында туындайтын қоғамдық қатынастар саласы;

5-2) тариф (баға, алым ставкасы) - табиғи монополия субъектісі қызметтерінің уәкілетті орган бекіткен құнының ақшалай көрінісі;

5-3) тарифтік смета - табиғи монополия субъектісінің, уәкілетті орган жыл сайын бекітетін, кірістері мен шығыстарының баптары туралы жиынтық деректер;" ;

6) тармақшадағы "монополиялар субъектілерінің іс-әрекетін" деген сөздер "монополия аясындағы іс-әрекетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) төтенше реттеуші шаралар - азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында уәкілетті орган қолданатын шаралар. " ;

6) 4 - бапта :

1 - тармақта :

1) тармақша "және" деген шылаудан кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) тарату құбырлары арқылы тасымалдау, газ тарату қондырғыларын және олармен байланысты

газ таратушы газ құбырларын пайдалану;

3) электр және (немесе) жылу энергиясын беру мен (немесе) бөлу;" ;
мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) жылу энергиясын жылыту қазандықтарында, өндірістің құрамдастырылған
үлгісіндегі станцияларда өндіру;

3-2) электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру
жөніндегі қызметтер;" ;

"4-1) бәсекелес кірме жолдар және оны салудың технологиялық мүмкіндіктері не
экономикалық тиімділігі болмаған кездегі кірме жолдардың қызметтері;" ;

7) тармақша "және" деген шылаудан кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) почта байланысының жалпыға бірдей қолжетімді қызметтері;" ;

9) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Табиғи монополия субъектілері республикалық және жергілікті бөлімдерден
тұратын Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілуге жатады.

" ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Табиғи монополия субъектісі өзінің тұрақты жұмыс істейтін органының
орналасқан жері бойынша тіркеледі." ;

7) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Табиғи монополия субъектілерінің қызметін шектеу

1. Табиғи монополия субъектісіне:

1) осы Заңның 18-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды
қоспағанда, өзінің негізгі қызметіне қатысы жоқ қызметтер көрсетуге және өзге
қызметті жүзеге асыруға ;

2) табиғи монополия субъектісінің өндіріспен және қызмет көрсетулермен,
сондай-ақ осы Заңның 18-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында аталған қызметті
жүзеге асырумен байланысы жоқ мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу
құқығына ие болуға ;

3) мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан және осы Заңмен табиғи
монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырушы ұйымдардан басқа,
коммерциялық ұйымдардың акцияларын (үлестерін) иеленуге немесе олардың
қызметіне өзге де түрде қатысуға ;

4) ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген
мөлшерден асатын ақы алуға, сондай-ақ шығындары бекітілген тарифтерде (бағаларда,
алымдар ставкаларында) ескерілмеген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін
тұтынушылардан ақы алу есебінен кіріс алуға ;

5) табиғи монополия субъектілері көрсететін қызметке қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе табиғи монополия субъектілерінің қызметтері тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауға;

6) егер ұсынылатын қызметтерге (өндірілетін тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беру, табиғи монополия субъектісінің қызметтері тарифтерінің (бағаларының, алымдар ставкаларының) көтерілуіне әкеп соғатын болса, б ұ л ә р е к е т т і ж а с а у ғ а ;

7) пайдаланған қызмет көрсетулер (тауарлар, жұмыстар) көлемін жосықсыз тұтынушылардың төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұ с ы н у д а н б а с т а р т у ғ а ;

8) қызмет көрсетулерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларға, алымдар ставкаларына) енгізуге тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген шектеулер табиғи монополия аясына жатқызылған қызметі ол үшін негізгі болып табылмайтын рынок субъектісіне қолданылмайды.";

8) 6-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:
"1-1) барлық тұтынушыларға ұсынылатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылуы кезеңінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендетуге;

1-2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және есептеу аспаптарын тексеруді ұйымдастыруға;"

9) 7 - б а п т а :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескерілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан басқа жағдайларда, қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайлармен ұ с ы н у ғ а ;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге а с ы р у ғ а ; " ;

б) тармақша "қоғамдық" деген сөзден кейін ", экологиялық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) аудиторлық ұйымдармен (аудиторлармен) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарында белгіленген аудит жүргізу шартына қосымша талаптарға сәйкес жыл сайынғы міндетті аудит жүргізуге. Тексеру нәтижелері және жылдық қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тексеру нәтижелері бекітілген кезден бастап отыз күннен кешіктірмей,

табиғи монополия субъектісі өзінің қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға тиіс;

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) осы Заңмен рұқсат етілген өзге қызметті жүзеге асыру кезінде бөлек бухгалтерлік есеп жүргізуге;

7-2) тарифтік сметаны орындауға;"

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес табиғи монополия аясына жататын, ұсынылатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне тұтынушылармен шарт жасасуға;

9) ұсынылатын коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алуға және тұтынушыларға оларды орнатуға;"

мынадай мазмұндағы 10)-13) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту кезінде ескерілетін инвестициялық жобаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісуге;

11) уәкілетті органның талап етуімен тоқсан қорытындысы бойынша тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп беруге;

12) қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

13) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төмендету туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін он күн бұрын уәкілетті орган мен тұтынушыларды хабардар етуге міндетті."

10) 8 және 9-баптар алып тасталсын;

11) 10 - бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) табиғи монополия субъектісінің қызметтерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бойынша сатып алуға, есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жария тыңдауларға қатысуға;"

12) 11 - бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жасалған шарттардың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;"

2-тармақ "Табиғи монополия субъектісінің қызметтерін тұтынушының" деген сөздерден кейін "(мемлекеттік органдардан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті органның қызметін ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекітеді." ;

14) 13 - бапта :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) табиғи монополия аясында тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) белгілеудің кемсітпейтін әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;" ;
мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын қолдану практикасын жинақтайды, соның негізінде әдістемелік ұсынымдар шығарады." ;

15) 14 - бапта :

1 - тармақта :

5) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар енгізуге;" ;

"8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;" ;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2), 9-3), 9-4), 9-5) және 9-6) тармақшалармен толықтырылсын :

"9-1) табиғи монополия субъектілерінің тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарын әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынуға ;

9-2) табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

9-3) табиғи монополия субъектісі жүргізетін сатып алуларға Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруға;

9-4) Табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуге;

9-5) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға ;

9-6) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)

тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылу мерзімдерін кемінде алты айға белгілеуге;

16) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Уәкілетті органның міндеттері

Уәкілетті орган:

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) заңсыз арттыруынан және (немесе) іс жүзінде орындалмаған жұмыстардың құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізуінен келтірген шығындарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздеуге;

3) табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге өтінімді қарау кезінде тұтынушылардың немесе табиғи монополия субъектісінің жазбаша өтініші бойынша жария тыңдауларды өткізу қажеттігін белгілеуге;

4) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері барынан басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыруға;

5) Табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгертуге өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдауды өткізуге;

6) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) уақытша төмендету коэффициентінің жобаларын берудің тәртібін белгілеуге міндетті.";

17) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Табиғи монополия субъектісінің қызметін мемлекеттік реттеу

1. Табиғи монополия субъектісінің қызметін мемлекеттік реттеу:

1) тарифті (бағаны, алымдар ставкасын) бекітумен;

2) тарифтік сметаны бекітумен;

3) уақытша төмендету коэффициентін белгілеумен;

4) шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Өндірістің құрамдастырылған үлгісіндегі станцияларда жылу энергиясын өндіретін табиғи монополия субъектісінің қызметін мемлекеттік реттеу жылу және электр энергиясын шығарудың технологиялық режимінің ерекшеліктері ескеріле отырып, кешенді тәсіл және бәсекелес рынокта электр энергиясына бағаларды қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.";

18) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Табиғи монополия субъектісі қызметтеріне
тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)
қалыптастырудың тәртібі

1. Табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне уәкілетті орган бекітетін тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қызметтерді ұсыну (тауар өндіру, жұмыстар) үшін қажетті шығын құнынан төмен болмауға және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда табу мүмкіндігін ескеруге тиіс.

2. Уәкілетті орган тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіткен кезде шығындарды қалыптастырудың мынадай ережелерді:

- 1) тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін шығындарды реттеуді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітілген нормативтер шегінде табиғи монополия субъектісі шығыстарының баптарын шектеуді;
- 3) тарифті (бағаны, алым ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеуді;
- 4) тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізілетін пайданы шектеуді;
- 5) негізгі құралдардың тозуын есептеудің қолданылатын әдістерін келісуді;
- 6) негізгі құралдарды қайта бағалауды және табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударым қаражаттарын пайдалану бағыттарын келісуді көздейтін ерекше тәртібін қолданады.

Шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

3. Табиғи монополия субъектісі қызметтерінің тарифіне (бағаға, алым ставкасына) есептеу аспаптарын сатып алуға және орнатуға жұмсалатын шығындар енгізіледі.;"

1 9) 1 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Табиғи монополия субъектісі өзінің қызметтеріне тарифтік сметаны және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын олар қолданысқа енгізілгенге дейін алпыс күн ішінде өтініммен бірге табыс етуге міндетті.

Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қайта қаралған жағдайда табиғи монополия субъектісі экономикалық жағынан негізделген есептерді және өзге де ақпаратты бір ай мерзімде жаңа тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту үшін өтінім беру кезіндегідей көлемде табыс етуге міндетті.;"

3-тармақтағы "30" деген цифр "қырық бес" деген сөздермен, "қажетті құжаттар табыс етілген" деген сөздер "өтінім берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 0) 1 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынған табиғи монополия субъектілерін тарта отырып, тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) жобаларына қаржылық және

қажет болған жағдайда техникалық сараптама жүргізеді;"

2) тармақша, "әзірлейді" деген сөзден кейін "және жария тыңдаулар өткізілген жағдайда оны талқылауға шығарады" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган жария тыңдаулар өткізген жағдайда оларды өткізудің күні мен орны туралы мерзімді баспасөз басылымдарында кемінде он күн бұрын хабарлама жариялауға міндетті. Жария тыңдаулар табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту туралы түбегейлі шешім қабылдаудан кемінде он бес күн бұрын өткізіледі. Жария тыңдау өткізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

2-тармақтағы "уәкілетті органның бұрын белгіленген бағалар мен тарифтердің қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімдеріне, сондай-ақ" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2 1) 1 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "тоқсанына" деген сөз "екі тоқсанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Жаңадан құрылған табиғи монополия субъектісі үшін тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген оңайлатылған тәртіппен жүргізіледі. Бұл орайда табиғи монополияның аталған субъектісі алты ай өткеннен кейін тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қайта қарау үшін жалпы тәртіпте өтінім беруге міндетті.

Оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) көтерген жағдайда уәкілетті орган жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізумен бір мезгілде тұтынушыларға келтірілген шығындарды өтеу туралы шешім қ а б ы л д а у ғ а м і н д е т т і .

6. Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту осы Заңда белгіленген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіткен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

22) мынадай мазмұндағы 18-1, 18-2, 18-3, 18-4-баптармен толықтырылсын:

"18-1-бап. Табиғи монополия аясындағы мемлекеттік бақылау

1. Табиғи монополия субъектісінің қызметін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруді не тиісті тауар рыногының табиғи монополия жағдайынан бәсекелестік рынок жағдайына экономикалық жағынан ақтауға болатын ауысуын тежеуді болдырмау мақсатында уәкілетті орган:

1) табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен

айыруға және, онымен өзге де мәмілелер жасасуға;

2) табиғи монополия субъектісінің тасымалдайтын немесе өзіне берілетін, өзінің тұтынуына арналмаған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуына;

3) табиғи монополия субъектісінің негізгі қызметпен технологиялық жағынан байланысты және (немесе) табиғи монополия аясына жатқызылған өзге де қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының почта туралы заңдарымен белгіленген қызметті жүзеге асыруына;

4) табиғи монополия субъектісінің акциялар (үлестер) сатып алуына, сондай-ақ оның осы Заңмен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға өзге де нысандармен қатысуына;

5) табиғи монополия субъектісінің қайта ұйымдастырылуына және таратылуына бақылауды жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған іс-әрекеттерді жасау үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінімді ұсынуға және шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты хабарлауға міндетті.

Құжаттар тізбесін, оларды ұсыну және қарау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Табиғи монополия субъектісі осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында аталған қызметті жүзеге асыруға келісім алу үшін мынадай шарттардың орындалуын қосымша қамтамасыз етуге міндетті:

1) осы қызметтен табиғи монополия субъектісі алатын табыстар оның жүзеге асырылуына қажетті шығындарды жабуға тиіс;

2) қызметті жүзеге асыру тиісті қызметтер көрсету (тауарлар, жұмыстар) рыногында бәсекелестікті шектеуге әкеп соқпайды.

Табиғи монополия субъектісі осы тармақта көзделген шарттардың орындалуы туралы есепті уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тоқсан сайын ұсынуға міндетті.

4. Егер өтінішті қанағаттандыру осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған салдарларға әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ, егер өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды табыс етпеген не оларда ұсынылған ақпарат дұрыс болмаған жағдайларда, уәкілетті орган оны қабылдамауға құқылы.

5. Уәкілетті орган өтінімді оны алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей қарайды және өтініш берушіге қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

Егер шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті орган оны өтініш берушіден сұратуға және өтінішті алған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарламамен бірге осындай сауал салу өтініш берушіге жіберілген жағдайда өтінішті қарау мерзімін отыз күнге ұзартуға құқылы.

6. Өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға өтініш беруші сот тәртібімен шағымдана алады.

18-2-бап. Табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен айыру және онымен өзге де мәмілелер жасау, сондай-ақ оның акцияларын (үлестерін) сатып алу

1. Табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен айыру, сол сияқты онымен өзге де мәмілелер жасау табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) көтерілуіне, тұтынушылармен шарттардың бұзылуына, қоршаған ортаға теріс ықпал етуге, тығыз байланысқан технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) үзілуіне не көлемінің едәуір төмендеуіне әкеп соқпайтын жағдайда, уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.

2. Табиғи монополия субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (үлестердің) он проценттен астамын сатып алған жеке немесе заңды тұлға (немесе адамдар тобы) бұл туралы уәкілетті органды алдын ала хабардар етуге міндетті.

18-3-бап. Табиғи монополия субъектісін қайта ұйымдастыру және тарату

1. Табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастыру және тарату рәсімдері қолданылуы мүмкін.

2. Табиғи монополия субъектісін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді және қайта тіркеуді, сондай-ақ оның қызметін тоқтатуды тіркеуші орган уәкілетті органмен алдын ала келісу арқылы ғана жүзеге асырады.

3. Табиғи монополия субъектісіне ұсынылатын қызметтер (өндірілетін тауарлар, жұмыстар) үзілісін немесе көлемі едәуір азайып кетуін болдырмау мақсатында оңалту рәсімдері қолданылуы мүмкін.

18-4-бап. Табиғи монополия субъектісінің сатып алуды жүзеге асыруы кезіндегі мемлекеттік бақылау

1. Шығындары табиғи монополия субъектісінің көрсететін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржы ресурстарын және көрсетілетін қызметтерді сатып алу, осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер нысанында жүзеге асырылады.

2. Тендерді табиғи монополия субъектісі:

- 1) тендер рәсімдерін өткізудің ашықтығы мен жариялылығы;
- 2) тендерге қатысу үшін барлық ықтимал берушілерге тең мүмкіндікті қамтамасыз ету;
- 3) ықтимал берушілер арасында адал бәсекелестік принциптерін сақтай отырып өткізеді.

3. Тендер өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің жабық конкурс жолымен сатып алуды жүзеге асыруына, баға ұсыныстары сұранымын пайдалана отырып берушіні таңдауына, көздердің бірінен және ашық тауар биржасы арқылы сатып алуына, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары беретін гранттарды, заемдар мен кредиттерді тартуына келісім беруге құқылы.

5. Табиғи монополия субъектісі негізгі құралдарға жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді), егер сатып алудың құнмен алынған жылдық көлемі уәкілетті орган белгілеген шекті сома мөлшерінен асып кетпесе, тендер өткізбей сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

6. Тендерге қатысушының талап етуі бойынша оған тендер нәтижелері және жеңімпазды таңдаудың себептері туралы түбегейлі жазбаша ақпарат берілуге тиіс.

7. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының табиғи монополия туралы заңдарын бұза отырып өткізілген тендердің жеңімпазымен табиғи монополия субъектісі шарт жасасқанға дейін оның нәтижесінің күшін жоюға және табиғи монополия субъектісін қайта тендер өткізуге міндеттеуге құқылы.

8. Уәкілетті орган табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге берген өтінімін, ол Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тендер өткізу туралы талаптарды бұзған жағдайда, қабылдамай тастауға құқылы.

9. Осы бапта көзделген талаптар табиғи монополия аясына жатқызылған қызметі негізгі болып табылмайтын рынок субъектісіне қолданылмайды.";

23) 19-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешім қабылданған күнгі қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып, табиғи монополия субъектісіне өзі жүргізген тексеру материалдары негізіндегі уақытша өтемдік тарифті белгілейді. Уақытша өтемдік тарифті енгізу тексеру жүргізілген айдан кейінгі келесі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге айырылады.";

24) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

25) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Табиғи монополия субъектісінің осы Заңды бұзудан келтірілген залалды өтеуі

Табиғи монополия субъектісінің осы Заңға қайшы келетін және басқа жеке немесе заңды тұлғаға залал келтірген, соның ішінде тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) көтеру, қызметтер ұсынуға және оларды орындауға арнап шарттар

жасасудан негізсіз бас тарту жолымен залал келтірген әрекеттері (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес табиғи монополия субъектісінің оларды өтеуіне әкеп соғады.";

26) мынадай мазмұндағы 22-баппен толықтырылсын:

"22-бап. Табиғи монополия субъектісіне уәкілетті органның, сондай-ақ оның лауазымды адамдарының заңсыз шешімдерімен, әрекеттерімен (әрекетсіздігімен)

келтірілген залалды өтеу

Егер табиғи монополия субъектісіне уәкілетті органның және оның лауазымды адамдарының заңсыз шешімдерімен, сондай-ақ әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) залал келтірілген жағдайда, ол бұл залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы."

2. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын а (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат):

14-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Табиғи монополия субъектісінің аудит жүргізу шарты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарында белгіленген қосымша талаптарға сәйкес келуге тиіс."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті